

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ педагогикалық кеңес отырысының №2 хаттамасы

2023 жылдың 04 қыркүйегі

Төрайымы-Нуржамал Сәбитбекқызы Хасенова.

Хатшы-Гулжазира Жомартовна Джунусова.

Қатысқандар-70 адам.

#### Күн тәртібі:

1.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» марапаттауға үміткердің (марапаттау парағын,материалдарын) ұсынуын қарау және бекіту туралы.

1. ТЫНДАЛДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» марапаттауға үміткердің (марапаттау парағын,материалдарын) ұсынуын қарау және бекіту туралы.

#### СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

1.Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.С.Хасенова, ол қатысушыларға мектеп директоры Қ.И.Бірманованың Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» марапатына құжаттарын (материалдарын) қарауға ұсынған, Қ.И.Бірманованың педагогикалық еңбек өтілі-26 жыл екенін, Қазақстанның «Үздік адамы» 2014 жыл, Қазақстан Республикасының 2015 жылдың «Үздік педагогы», Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері 2018ж, «Бейімбет Майлин» төсбелгілерінің иегері 2019 жыл, ҚР Білім және ғылым министрінің құрмет грамотасы 2019 жыл, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың құрмет грамотасы- мемлекеттік награда 2020 жылы марапатталғанын, ҚР жалпы білім беру ұйымдары басшыларын арнаған «Даму» I Республикалық мектеп басшыларының конкурсында жүлделі I орынды иеленгенін атап өтті. Қалалық «AMANAT» партиясының партиялық бюро мүшесі болып табылатынын, 2021 жылы Рудный қалалық маслихатының VII шақырылымы бойынша қалалық депутат екенін, Халықаралық қазақ тілі қоғамы қоғамдық бірлестігінің Рудный қаласы филиалының төрайымы екенін атады.

Жыл сайын облыс, Республикалық, Халықаралық білім додалары, олимпиада мен шығармашылық сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындады.


Бірнеше жыл қатарынан мақалалары, еңбектері үздік деп танылып Польша, Чехия, Ұлыбритания елдерінде, жарияланып жүр. ҚР республикалық педагогикалық шеберлік орталығында және желілік қоғамдастықта, жеке сайт-парақша арқылы озық және педагогикалық тәжірибені педагог кадрларға таратушы әрі үйлестіруші. Мұғалімнің /Учительский.сайт/ Бірманова Қымбат Исланбекқызы жеке сайты бар.

Республикалық Qaztest.kz желілік басылымына публикация жариялады, Инклюзивті білім берудің өзекті аспектілері Республикалық ғылыми-практикалық конференцияда жинаққа енді және қала, облыс, республика төңірегінде және педагогикалық ұжымға үнемі өзінің іс-тәжірибесімен бөлісіп келеді. Түрлі әдістемелік құралдар, тапсырмалар, сабақ үлгілері, ізденіс жұмыстары т.б. шығармашылық жұмыстары енгізіліп, ғаламтордағы барша әріптестерімен серіктестікте жұмыс жасайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» марапаттауға Қ.И.Бірманованың кандидатурасын бекітуді және Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қалалық білім білім бөлімі» ММ комиссиясына марапаттауға материалдарды жіберу ұсынылды.

#### ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1.2023 жылдың 07 қыркүйегіне дейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» марапаттауына Қ.И.Бірманованың марапаттау парағы бекітілмін және жіберілсін, жауапты- Н.С.Хасенова.

Педагогикалық кеңес  
отырысының төрайымы:



Н.С.Хасенова

Хатшы:



Г.Ж.Джунусова